

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің
2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 453 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 361 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 440 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 15.10.2018 № 440 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 702 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 шілдедегі № 420 қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 453 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 14-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан

әрі - Инспекция) байланыс және ақпараттандыру саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады."

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Инспекцияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тәуке хан даңғылы, 35.

9. Инспекцияның толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрықтың қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әділет органдарында қайта тіркелуін;

2) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі*

Д. Абаев